

Ж.Ж. Төкенова^{1,*}, А.Н. Бекен², Ш.М. Надыров¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aboska2016@gmail.com

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІН ДАМУДАҒЫ МАРАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ

Соңғы жылдары еліміздің ішкі туризмінің дамуына байланысты Шығыс Қазақстанда панты шикізатын қолдануға негізделген сауықтыру қызметтеріне үлкен қызығушылық байқалады. Шығыс Қазақстан аумағында туристік-рекреациялық типтегі ерекше экономикалық аймақтардың құрылуы марал шаруашылығының дамуына серпін береді. Туризмнің белсенді дамуы марал шаруашылығы өнімдеріне негізделген емдеу-сауықтыру технологияларын қолдануды едәуір кеңейтеді.

Мақалада Шығыс Қазақстан облысын санаторлы-курорттық аймаққа айналдырудың маңызды алғышарттарының бірі – марал пантасымен емдеу орталықтарын дамыту екендігі айтылған. Соның негізінде аймақтың рекреациялық ресурстарына талдау жасалып, қазіргі жағдайы қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты киелі марал бұғыларының пантасы арқылы Шығыс Қазақстанның емдік-сауықтыру туризмін әлемдік деңгейге жеткізу болып табылады.

Зерттеу барысында Шығыс Қазақстанның емдік туризмін дамытудағы маралдардың негізгі рөлі мен оның адам денсаулығына тигізетін орасан зор пайдасы айтылады. Олардың қай аймақ территориясында басым екендігі анықталып, зерттеу нысаны ретінде Алтай өңірі мысалында бағаланады. Зерттеу нысаны аумағындағы маралмен емдеу орталықтарының қазіргі жағдайы баяндалып, туындаған мәселелердің негізгі себептері анықталып, оларды шешу жолдары мен ұсыныстары беріледі. Зерттеу статистикалық мәліметтер мен құжаттарға сүйене отырып, бақылау, талдау әдістері арқылы іске асырылды.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, марал, пантамен емдеу, туризм, емдік-сауықтыру туризм, санаторий, курорт, рекреация.

Zh.Zh. Tokenova^{1*}, A.N. Beken², Sh.M. Nadyrov¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aboska2016@gmail.com

The Role of Materials Science in the Development of Health Tourism in East Kazakhstan

In recent years, due to the development of domestic tourism in East Kazakhstan, there has been a great interest in wellness services based on the use of antler raw materials. The creation of special economic zones of tourist and recreational type on the territory of East Kazakhstan gives impetus to the development of maral breeding. The active development of tourism significantly expands the use of therapeutic and health technologies based on products of antler reindeer husbandry.

The article notes that one of the most important prerequisites for the transformation of the East Kazakhstan region into a sanatorium-resort area is the development of treatment centers with maral antlers. On its basis, the analysis of the recreational resources of the region is carried out and the current state is considered. The main purpose of the study is to bring the health tourism of East Kazakhstan to the world level by treating maral antlers. The study tells about the main role of marals in the development of medical tourism in East Kazakhstan and its huge benefits for human health. It is determined in which territory of the region they predominate and is evaluated on the example of the Altai Territory as an object of research. The current state of the maral processing centers on the territory of the research object is covered in detail, the main causes of the problems that have arisen are identified, recommendations and solutions are given. The research was carried out by methods of observation, analysis, relying on documents and statistical data.

Key words: east Kazakhstan, maral, pantotherapy, tourism, health tourism, sanatorium, resort, recreation.

Ж.Ж. Төкенова¹, А.Н. Бекен², Ш.М. Надыров¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: aboska2016@gmail.com

Роль мараловедения в развитии лечебно-оздоровительного туризма в Восточном Казахстане

В последние годы в связи с развитием внутреннего туризма в Восточном Казахстане наблюдается большой интерес к оздоровительным услугам, основанным на использовании пантового сырья. Создание на территории Восточного Казахстана особых экономических зон туристско-рекреационного типа дает толчок развитию мараловодства. Активное развитие туризма значительно расширяет использование лечебно-оздоровительных технологий на основе продуктов пантового оленеводства.

В статье отмечается, что одной из важнейших предпосылок превращения Восточно-Казахстанской области в санаторно-курортную зону является развитие центров лечения мараловыми пантами. На его основе проводится анализ рекреационных ресурсов региона и рассматривается современное состояние. Основной целью исследования является доведение лечебно-оздоровительного туризма Восточного Казахстана до мирового уровня путем лечения пантами марала. В ходе исследования рассказывается об основной роли маралов в развитии лечебного туризма Восточного Казахстана и его огромной пользе для здоровья человека. Определяется, на какой территории региона они преобладают и оценивается на примере Алтайского края как объект исследования. Подробно освещается современное состояние центров обработки маралов на территории объекта исследования, выявляются основные причины возникших проблем, даются рекомендации и пути их решения. Исследование осуществлялось методами наблюдения, анализа, опираясь на документов и на статистические данные.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, марал, пантолечение, туризм, лечебно-оздоровительный туризм, санаторий, курорт, рекреация.

Кіріспе

Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) бағалауы бойынша емдік және сауықтыру туризмі маңызды туристік бағыттарының қатарына жатады. соңғы 15 жылда әлемде емделуге сапарлар саны 10%-ға артты.

Жыл сайын әлем тұрғындары өз денсаулықтарына дұрыс мән беріп және психофизиологиялық тұрғыдан жағдайларын жақсарту мақсатында көбінесе рекреациялық және медициналық туризмді таңдауда. Бұның бәрі қазіргі өмір сүру салтымызға сыртқы ортаның теріс әсерінің (дұрыс тамақтанбау, стресс, экология және т.б.) нәтижесін көрсетіп отыр (Аратова, Вакуненко, Титренко 2020:3-13).

Емдік-сауықтыру туризмі қазіргі кезде туризм саласының негізгі салаларының бірі. Тән мен рух саулығына байланысты сән ХХ ғасырда емдік-сауықтыру туризмінің қарқынды дамуына негіз болды. Әлемде емдік-сауықтыру туризмі жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуде маңызды рөлге ие. Оған қоса көлік пен байланыс, ауыл шаруашылығы, құрылыс, тұрмыстық тауарлар өндірісі т.с.с елдің экономикасына жақсы әсерін тигізумен қатар әлеуметтік-

экономикалық дамудың ерекше бір факторы (Ветитнев, 2012: 50).

Қазіргі жағдайда емдік-сауықтыру туризмі ұлттық экономиканың жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. Жылдан жылға әлемде туризмнің қарқынды дамуы экономикалық ұтымды құбылыс ретінде танылды. Көптеген елдердің дамуының катализаторы болды. Тіпті туризм үшін тартымды емес мемлекеттер туризм арқылы дамып жатқанына куәміз (мысал ретінде Африка мен Таяу Шығыс елдерінің шөлді аймақтары). Олармен салыстырғанда табиғи-рекреациялық ресурстарға бай Шығыс Қазақстан облысының келешегі мол өлкелердің бірі болып, болашақта емдік сауықтыру туризмінің орталығына айналуы ғажап емес.


Емдік-сауықтыру туризмін дамытуда Шығыс Қазақстан облысының орны ерекше географиялық мүмкіндіктерге ие. Марал шаруашылығының өркендеуімен әлемге әйгілі Алтай өңірі. Табиғатының қайталанбас сипатымен бірге ертеден әлемге әйгілі киелі жануарлардың бірі марал бұғыларымен мақтана алады. Ерекше табиғи ландшафты, шипалы сулары мен қызыл кітапқа енген асыл тұқымды жануарлары өңірді нағыз мамандандырылған

туристік санаторлы-курорттық аймаққа айналдыра алады. Алайда, марал пантасымен емедеу орталықтары тиісінше дәрежеде болмауы, марал шикізатының пайдасын шетел мемлекеттері көріп отырғаны көңілді құлазытады. Осылардың барлығы елімізде туристік саланың дамуының төмен жағдайы, туризм саласында экономикалық реформалау барысында ғылыми әзірлемелердің болмауына тікелей байланысты. Сонымен қатар Қазақстанда туризм саласында тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуге кешенді және жүйелі талдау жасайтын ғылыми-зерттеу құрылымы жоқ. (Орлова, Щербакоева, 2014:34-47).

Туризм – үнемі жетілдіруді және жаңғыртуды талап ететін көп қырлы және қарқынды дамып келе жатқан қызмет салаларының бірі. Ғылыми-техникалық прогресс аясында туризм көптеген түрлі салаларға әсер ететін сала ретінде аумақтардың экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының маңызды факторы болып табылады. Қазақстандық туризмді қазіргі әлемдік тенденцияларға сәйкес келтіру, оның туристік

қызметтер нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігі бар. ШҚО ауқымды туристік қызметті дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Әсіресе экологиялық, емдік және агротуризмді дамытуға табиғи ресурстар жеткілікті. Ол тек бізде ғана емес, көршілес Ресей аумағындағы Алтай өңірлері, Красноярск аймағында туризмді дамытудың 2035 жылға дейінгі стратегиясында қарастырылған (Stepanova, Rozkova, Yushkova, Balisheva, 2023:376).

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздің емдік-сауықтыру туризмінің төмен жағдайы, яғни атап айтқанда: материалдық-техникалық базаның тозуы, ұтымды маркетингтік жоспардың болмауы, қосымша қызметтердің ұсынылмауы айтылған. Сонымен қатар, осы салаға мемлекеттік қолдау көрсетілмейтіндігі, санаторий кешенін дамытып, оны жаңғырту қажеттілігінің маңызы айтылған. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>)



1-сурет – Оңтүстік Алтай аумағындағы негізгі рекреациялық тартымдылығы бар объектілердің карта-схемасы

Сондықтан да бүгінгі күні Қазақстанның табиғи, климаттық және емдік ресурстарға бірегей өңірлерін дамытудың маңызды міндеті – санаторийлік және туристік кешендерді құру негізінде сапалы емдік-сауықтыру қызметтерін

көрсету жөніндегі ұсыныстарды ұлғайту болып табылады. Оларда денсаулықты қалпына келтірумен қатар ойын-сауық іс-шаралары мен әсералу теңгерімі сақталу қажет деп қарастырады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Шығыс Қазақстан аймағы – еліміздің мықты туристік әлеуеті бар бірегей табиғат әлеміне ие ірі өндірістік, энергетикалық және мәдени аймақ болып табылады. Шығыс Қазақстанның ерекшелігі – Орталық Азиядағы барлық ландшафттың түрлерін зерттеу мүмкіндігінің болуы. Онда құмды-шөлді аймақтарды, сазды шатқалдарды, дала аймақтарын, таулы жерлерді, ормандары мен шалғындарды, теңіз деңгейінен 4500 асатын тау шыңдарын көруге болады.

Өзінің ерекше бірегей ландшафты мен биологиялық әртүрлілігінің арқасында бұлаймақ “WWF Living planet” бойынша әлемнің 200 ба-сым жаһандық экологиялық аймақтарының тізіміне кіреді. Аталғандардың барлығы Шығыс Қазақстан облысын жан жақтан келетін туристерді қабылдауға толық мүмкіншілігі ба-рын көрсетіп отыр. Соның бірі мен бірегейі Алтайдың төрінен, атақты Мұзтаудың етегінен ойып тұрып орын алған Катонқарағай ауданы.

Катонқарағай ауданындағы ЮНЕСКО-ның жаһандық тізіміне кіретін Катон-Қарағай ұлттық табиғи паркі әлемдік деңгейдегі көрнекті орын болып табылады.

Катонқарағай ауданы табиғатының қайта-ланбас сипатымен ғана емес, бұрыннан келе жатқан Марал шаруашылығының өркендеуімен де әлемге танылған. Ауданның ерекше табиғи ландшафттары, шипалы су көздерімен қоса басқа өңірлерде кездеспейтін асыл тұқымды маралдарының болуы, бұл жердің нағыз мамандандырылған туристік-курортқа айналуының негізгі себепкері.

Ерекше айтып өтетін жайт, теңіз деңгейінен екі мың метр биіктікте орналасқан, бірнеше мыңдаған гектарды алып жатқан марал шаруашылығының негізі Алтай деп бекер айтылмаған. Маралдар тек Алтайда өсетін 500-ден астам емдік-дәрілік қасиеті бар шөппен қоректенетіндіктен, оның пантасының емдік қасиеттері әралуан болуы ғажап емес (Аманжолов, Самойлов, 2016:45-47).

Денелері ірі келетін маралдар тек Алтайда ғана мекендейді. Жалпы марал Алтай тауы маңындағы Шығыс Қазақстанда, Ресейде, Монғолия мен Қытайдың ауыл шаруашылығындағы бірегей саласы болып табылады. Өкінішке орай, қазіргі таңда жер бетінде маралдар саны күрт азайғаны байқалып жатыр. Азаюының қысқаша тарихына үнілсек, XVII ғасырда маралдар бүкіл Алтай өңірінде

мекендеген екен. Жергілікті халықтың саны аз болғандықтан, маралдардың саны салыстыр-малы түрде тұрақты болған. XIX ғасырда Алтай өңіріне қоныстанушылардың саны көбейіп, маралға аң аулау күшейе бастағандықтан, оның саны мен таралу аймағының бірте-бірте баяула-уы байқалды. 1930 жылдары соғыстан кейінгі кезеңдегі қиын экономикалық жағдай, аштық, халықта мылтық қаруының көп болу салдары-нан жалпы марал саны одан бетер азайып, ақыр соңында Қызыл кітапқа енуге мәжбүр болды. Кейін маралды сақтап қалу үшін 1932 жылы 1 млн. гектар жерді алып жатқан Алтай қорығы ашылып, маралға аң аулауға заңды түрде тый-ым салынған (Candaele, Lejeune, Licorpe, Ma-lengreaux, Brostaux, Morelle, Latte 2021:227-240). Маралға аң аулау мәселесі басқа мемлекеттерде де қарастырылып жатыр, сонын ішінде Австарлия (Bond, J. 2022:150-157) мен Канада да (MacKay, K.J. and Michael Campbell, J. 2004:443-452) заңды түрде тыйым салынуға байланысты жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда Ресей территориясына тиесілі Алтайда мекендейтін 56 мың маралдан панта-лы өнімі дайындалады. Қазақстандағы шаруа қожалықтары 10 мыңға жуық маралды ұстайды.

Таулы Алтай үшін марал шаруашылық саласының негізгі бағыттардың бірі болып та-былады. Онымен қоса, 90-шы жылдардағы дағдарыста экспортқа панталарды (маралдардың мүйіздерін) сату арқылы табыс тауып, бұл аймақтың экономикасына оң әсерін тигізді.

Қазіргі кезде әлемнің дамыған елдерінде дұрыс тамақтану мәселесін шешудің бір жолы-ONS (ішуге арналған тағамдық қоспалар деп аталады) қолдану. АҚШ-та халықтың шамамен 80% ONS пайдаланады, Еуропа елдерінде – шамамен 50%, Жапонияда-шамамен 90% (Ша-глаева, 2022:126).

Ішуге арналған тағамдық қоспаларларға деген қажеттіліктің артуының негізгі себеп-терінің бірі – олар диетаны түзету, денсаулықты сақтау және нығайту, метаболизм процестерін қалыпқа келтіру, аурулардың алдын алу, қалпына келтіруді жеделдету үшін қолдануға болатын дәрумендермен, минералдармен және микроэлементтермен байытылған (Dalisova, Ro-zhkova, Stepanova, 2019:35-45).

Маралда кездесетін ерекше емдік қасиет басқа ешбір жануарларда кездеспейді. Маралдың негізі оның жас мүйізі мен қанында. Ежелден бері өңірдің жергілікті тұрғындары жас мүйіздің қанын өздерінің күш-қуатын көбейтуге, өмір жа-

сын ұзартуға арналған дәрі негізінде қолданғаны белгілі. Марал мүйіздерінің құрамында өсімдіктер мен жануарлар әлемінде бұрын-соңды болмаған әртүрлі қоректік заттардың жоғары шоғырланған көзі бар. Панталарының да өсу қарқыны ерекше күшке ие. Бір күнде екі сантиметрге өсіп, кесіп алған жағдайда да ары қарай өсуін тоқтатпайды, ал көптеген жағдайда мүйіздері өз-өзімен түсіп, жаңадан қайта өседі. Марал мүйізінің химиялық құрамы өте күрделі. Құрамында 40-қа жуық негізгі қосылыстар мен 400 белсенді ингредиенттері бар. Ол ингредиенттердің бір-бірімен үйлескенде мүлде басқа нәтиже шығарып, ерекше емдік қасиетке ие болады. Және де тек марал мүйізінде ғана кездеседі. Марал мүйізінің құрамында табиғатта бар 22 амин қышқылдарының 18 түрі қамтылған. онымен қоса алуан түрлі микроэлементтерге, негізгілері: коллаген, гликозаминогликан, липидтер, минералдарға т.с.с. өте бай (Егеръ, 1994:126).

Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулердің нәтижесінде марал мүйізінің адам денсаулығына тігізетін оң әсерін атап айтсақ:

- жалпы денсаулықты жақсарту;
- қанмен қамтамасыз ету және қан айналымының ұлғаюы;
- қан қысымын төмендету;
- энергия мен төзімділік деңгейінің жоғарылауы;
- бұлшық еттің дамуы мен күшінің жоғарылауы;
- бұлшық еттің қалпына келуін арттыру;
- дененің икемділігі мен қозғалысын жақсарту;
- қабынудың алдын алу және азайту;
- жыныстық денсаулықты жақсарту;
- сүйектің қатаюуы;
- иммундық жүйенің жұмысын ынталандыру;
- психикалық денсаулықты жақсарту;
- ағзаның қартаюын тежеу, өмір сүру жасын ұлғайту;
- табиғи адаптоген;
- әлсіз денеде гомеостазды қалпына келтіру

Марал мүйіздері дәстүрлі Қытай медицинасында 2000 жылдан астам уақыт бойы қолданылған. Өлі күнге дейін Қытай медицинасының негізгі ингредиенттерінің қатарында кездеседі (Cheng, Yang, Chiang, Lai, Chen, Shih, Kuo, Hwang, Lin, Deer 2022:1617–1643).

Шығыс Қазақстан аймағы емдік-сауықтыру туризмін дамытуға өте қолайлы жер. Аймақта

мамандандырылған 19 пантымен емдеу орыны бар. Соның ішінде жыл сайын 5,5 мыңнан аса адам қабылдайтын 290 орындық 6 емдеу орындары жыл бойғы қызмет көрсете алады. Олардың жартысынан көбі осы бағытта көшбасшы болып табылатын Катонқарағай ауданында шоғырланған. Маралдар саны 9230 басты құрап отыр. 5 санаторий және балшықпен, радонды ыстық сумен емдеу, фитотерапиямен 7 сауықтыру кешені қызметтерін ұсынып жатыр. Жыл бойы 165 орындық 3 шипажай-курорт мекемесі келушілерді қабылдайды. (<https://stat.gov.kz/region/264990?lang=ru>)

Солардың ішіндегі Қазақстанда емдік туризмді дамытып жатқан емдік-сауықтыру орталықтарының негізгі қатарындағы туристік нарықта 1995 жылдан бастап жұмыс істейтін «Рахман қайнарлары» және «Мараленок» шипажайларын айтсақ болады. Қазіргі таңда бұндай шипажайлар келушілерге демалыс және сауықтыру іс-шараларының кең спектрін ұсынады. Шипажайлар Алтай тауларында (1760 м), төрт елдің: Қазақстан, Қытай, Моңғолия және Ресейдің шекараларының қиылысу нүктесінде, мемлекеттік ұлттық табиғи саябағында – Катонқарағай аумағында орналасқан. Емдік-сауықтыру орталығында маралдың оссификацияланбаған мүйіздерінен алынған сығындылар негізінде бальнеологиялық процедуралар, панталы ванналар жүзеге асырылады. Оссификация – бұл органикалық элементті сүйекке айналдыруға немесе соған ұқсас келбетті алуға әкелетін процесті білдіретін оссификация процесі және нәтижесі Сонымен қатар, Алтайдың сирек кездесетін дәрілік шөптерінен жасалған ванналар да қолданылады. Панта мен емдік шөптердің мөлшері демалушының денсаулық ерекшелігіне байланысты арнайы таңдалады. Емдеу курсының ұзақтығы да кәсіби мамандармен емделушілердің әр қайсысына бөлек көрсетіледі.

Емнің қандай түрлері бар десек:

- панта терапиясы;
- панта ваннасы;
- панта бөшкесі;
- панта ингаляция;
- массаж;
- Spa ваннасы;
- панта маскасы.

Туризм саласында Катонқарағай ауданы келушілерге Рахман қайнарлары шипажайы, 12 пантамен емдеу орындары, 5 қонақ үй, туристерге арналған үлкен 12 үй-жайлар өз қызметтерін

толыққанды ұсына алады. Демалыс үйлер, асхана мен бассейн салынып бітті.

Сонымен қатар, Катоқарағай ауданындағы Топқайың ауылында 60 орындық емдеу-сауықтыру кешенін, «Баян» сауықтыру кешенін кеңейту жұмыстары, 100 орындық сыйымдылығы бар пантымен емдеу орталығын салу бойынша жұмыстар атқарылуда (Егорова, Логиновская, 2016:77).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазіргі таңда Алтайдың марал өсіретін шаруашылықтарында шамамен 100 тонна панта кесіліп, оның 95% Оңтүстік Кореяға сатылады. Қытайлар көбінесе Марал мүйіздерін Кореяға қайта сату үшін алады. Шикізаттың тағы бір бөлігі Америкадағы ірі Корей диаспораларында шоғырланған Лос-Анджелеске де экспортталады екен. Корей халқы пантаның емдік қасиетінен өте жоғары нәтижесін сезінгеннен кейін, сұранысқа ие болып, пантаны тіпті дәстүрлі емдеу түріне айналдырып үлгерген (Zhang, Guo, Ma, Wang, Zhao, 2020).

Қазақ халқы өзінің өнімін шет елге сатып, емдік қасиетін аз ғана тұтынушылар көруде. Кейінгі жылдары Алтай марал өсірушілері ғылыми орталықтармен фармацевтикалық компаниялармен серіктесе отырып, Отандық сатыпалушыға ұсынылатын түрлі препараттар әзірлеуді бастады. Солардың ішінде 2000 жылы Марал пантасынан бірегей концентрат өндіру технологиясын іске асырып, ерекше биологиялық белсенділігі бар «Құрғақ пантогематоген» өнімін, панталардың емдік қасиеттерін жоғалтпайтын және қолдануға жеңілдетілген «Пантовитал» компаниясының капсулаларын өндіріп жатыр.

Біздің Қазақстанда жылына 15 тоннаға жуық панты өнімдері даярланады. Оның 80 пайызынан астамы экспортқа кетеді. Маралдардың кесілген мүйіздерін Корей түбегіне түгелдей сататын шаруашылықтардың бірі Зырян ауданы.

Бүгінде марал шаруашылығы өнеркәсібі бірегей дәрілік шикізатты жеткізуші болып табылады. Біздің елімізде өндірілетін өнімдердің ассортименті 90% Марал шикізатынан алынған тамақ немесе косметикадан тұрады.

И.С. Попованың айтуынша, Ресей аймақтарында да айтарлықтай бәсекелестік артықшылықтар қазіргі уақытта қол жетімді медициналық препараттарды, тағамдық қоспаларды және бальнеологиялық процедура-

ларды қолдану үшін медициналық технологияларды қамтитын Пан шикізат өнімдерінің белгілі бір тобын құруда қолданылады.

Тек Қазақстанда ғана емес, іргелес жатқан Ресейдің өзінде маралдарды өсіру және олардың селекциясын, сондай-ақ барқыт мүйіздерін дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлінеді; бұғы мен бұғы мүйізінен алынған өнімдердің құндылығы бағаланбады.

Елімізде бұл саланы дамытудың кең әдістеріне назар аударыла бастады. Нарықтық жағдайда өндірістік-шаруашылық қызметті дамытудың тиімділігін арттырудың кейбір теориялық және практикалық аспектілерінің жеткіліксіз пысықталуы Марал шаруашылығы саласын, Панта бұғы шаруашылығының өнеркәсіптік өндірісін және Ресей аймақтарында және шетелде өткізу мүмкіндіктерін дамыту үшін жағдайларды жақсарту жолдарын іздеу қажеттілігін анықтады. Осы мәселе бойынша С.Н. Бочарова, В.Н. Эгер, Н.Г. Деева, В.Г. Луницын, А.П. Попов, Н.А. Фролов және басқалар сияқты Ресейлік авторлардың еңбектерінде марал шаруашылығы саласын дамытуға, бұғы өсіруге және марал шаруашылығының панта өнімдерін өндіруге байланысты проблемалар қарастырылады (Dalisova, Rozhkova, Stepanova 2019:315).

Ресей ғалымдарының марал шаруашылығы мен бұғы шаруашылығы мәселелерін шешуге қосқан елеулі үлесіне қарамастан, бұғыларды тұрақты дамыту және өсіру мәселелері қазіргі әдебиетте жеткілікті зерттелмеген. Шет елдерге экспортқа бағдарланған бұғы шаруашылығын дамыту және бұғы мүйізінен өнім алу перспективалары мен мүмкіндіктері толық ашылмаған және одан әрі дамытуды талап етеді (Hanberry, Hanberry, 2020: 512-518). Бұғылардан алынған шикізатты қайта өңдеу негізінде өндірілген тауарлардың экспорты осы саланың рентабельділігін едәуір арттырады, осылайша көптеген кәсіпкерлер марал шаруашылығы өнімдерін өндіруге инвестиция салуға қызығушылық танытуда.

Марал шаруашылығының іс басқарушысы Лидия Попованың Қазақстан телеарнасының тілшісі Берік Көшербаевқа берген сұхбатында Қазақстан өнімнің сапасына әрдайым ең жоғары баға берілетінін және әлемдік деңгейдегі рейтингте Қазақстан пантыларына сұраныс көп екені айтқан болатын. Қазақ жеріндегі маралдардың мүйізі дүниежүзі бойынша өте жоғары бағаланады. Негізгі себеп, олар үнемі биік та-

уларда, шұрайлы жайылымдарда өсетіндіктен маралдардың панталарында пайдалы заттар өте көп. Бірақ та еліміздегі білікті мамандар «осы пантылардың пайдасын өз халқымыз көрсе ғой», - дейді. Облыстық марал өсірушілер одағының төрағасы Нұрлан Тоқтаровтың айтуы бойынша Кореяда бір адамға жылына 100 грамм панты өнімі дайындалады. Қазақстанда бір жылда өндірілетін панты өнімінің жалпы салмағы – 15 тонна. 19 миллион адамға бөлгенде, бір адамға жылына 1 граммға да жетпейдігін Көшербаев Б. Qazaqstan телеарнасына берген сұхбатында атап өтті (Көшербаев Б., 2023).

Демек, ең әуелі өз халқымызды пантымен қамтамасыз ету үшін өнімнің 80-85 пайызын шетелге арзан бағамен сатпай, оның орнына пантымен емдеу орталықтары мен шипажайларды көбейту қажеттіліктерін алға тартуды ұсынамыз. Бүгінде Қазақстанда панты қосылған биологиялық белсенді қоспалар мен дәрі жасайтын жалғыз зауыт бар. Ақсу ауылдық округінің Ақсу ауылында марал шаруашылығы өнімдерін биологиялық белсенді қоспаларға панты, жабайы өсетін шөптерді, балды қолдана отырып пантогематогенді «Ақсу ДЭЕН» АҚ-ның шағын цехы жасап шығарып отыр. Оның өнімдерін Қазақстан бойынша «Катонқарағай теңбіл бұғы саябағы» және «Баян» шаруа қожалықтары өндіріп сатып жатыр. Алайда, бұл кәсіпорынның өнімдерін сату да өзекті мәселе. Себебі, еліміздегі халықтың көпшілігі пантының пайдасынан бейхабар болуы (Тарасова, 2015:158).

Пантогематогенді препараттарды қолдану аясын кеңейту, оларды әртүрлі формалар мен әдістерде қолдану көрсеткіштерін әзірлеу үшін коронавирустан кейінгі синдромы бар науқастарды оңалту үшін мүйіз препараттарын қолданудың тиімділігін бағалау бойынша ғылыми зерттеулер қажет және орынды (Shakula, Nesina, Pavlov, Kurniavkina, Chursina, Telepanova, 2022:41-50).

Соңғы 4-5 жылда пантымен емдейтін орталықтар саны көбейіп келе жатқанын ескергеніміз жөн. Катонқарағай ауданына келетін туристердің саны да жылдан жылға арта түсуде.

Атап өтетін бір жәйт, 2020 жылдың мамыр айында ҚР Президенті Орталық коммуникациялар қызметінде мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова есеп беру кездесуінде Қазақстан курорттары 2019 жылмен салыстырғанда 45 пайызға көп адамды қабылдағанын хабарлады. Бұның барлығы пандемия кезінде елдер арасындағы қозғалысқа

шектеу қойылған жағдайда ішкі туризмнің танымалдылығы қаншалықты өскенін, біздің елімізде де демалыс үшін көптеген тамаша мүмкіндіктер бар екенін көрсетті. Соның ішінде Катонқарағай ауданы да шетте қалмағанын байқауға болады. Пандемия жағдайында туристер саны екі есеге артып, адамдар демалыс үшін өз мемлекетінің экологиялық таза аудандарын тандап, денсаулықтарына назар аудара бастады (Развитие массового туризма, 2023).

Статистикалық мәліметтер бойынша бүгінгі күні ауданның 11 шаруашылығында 4,3 мың маралдар бар. Олардың саны бойынша Катонқарағай ауданы облыс пен Республика бойынша алдыңғы орында. Жыл сайын ауданның марал шаруашылықтарында 4 тонна шикі немесе 2 тонна консервіленген көлемінде пантылар өндіріледі. Бүгінгі күні ауданның 6 марал шаруашылығы асыл тұқымды мәртебесіне ие. Соңғы үш жылда, марал шаруашылығын қолдауға Республикалық бюджеттен 83,3 млн теңге субсидия бөлінген болатын. Мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес, ауданның марал шаруашылығына 2018 жылы 12 млн. теңге субсидиялынды. Марал шаруашылығын дамыту үшін 11 пантымен емдеу орны үлкен рөл атқарады, соның арқасында ауданда аз да болса емдеу-сауықтыру туризмі ақырындап дамып келеді.

Жыл сайын жүздеген адам денсаулығын жақсарту үшін және күш-қуат алу үшін марал фермаларын тандап, пантылы ванналарды өздерінің радикулит, асқазан жарасы, аяқ-қол атеросклерозы, ревматизм, дистония, жыныстық әлсіздік, денені тазарту және басқа да ауруларды емдеуде қолданып жатыр. Пантымен емдеу шипажайларында болған емделуші 10-12 күнде иммунитеті жоғарылап, ағзасы күшейіп, өмірді сезіну күші пайда болатындығын да байқайды екен (Orassay, Sadvokassova, Berdigaliyev, Sagintayev, Myrzagali, Omarova, 2023).

Бұндай сұраныстардың барлығы марал шаруашылығының болашағы зор және үнемі өзекті мәселесі болатындығын дәлелдеп отыр. Соның салдарынан кейінгі жылдары мемлекет тарапынан аз да болса, облыстық бюджеттен шаруашылықтарға субсидия бөліне бастады. Жергілікті марал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге пантымен емдеу орталықтарын көбейтуді тапсырылды. Ең бастысы, маралдарды Катонқарағайдан басқа да аудандар өсіре бастады. Ұлан, Күршім,

Көкпекті, Зырян және Зайсан аудандарында марал шаруашылықтары ашылды.

Марал пантасымен емдеу Шығыс Қазақстанның санаторлы-курорттық емдеу орталықтарының негізгі ерекшелігі болғандықтан, облыстың толықтай емдік-сауықтыру туризмінің дамуына тікелей байланысты.

Осыған орай, 2019 ж мамырайында Үкімет 2025 жылға дейін туризмді дамыту бағдарламасын бекіткен. Мемлекеттік бағдарлама бойынша облыстағы туризмнің басты орталықтарын дамыту жоспарын алға қойды. «Катон-Қарағай» МҰТП, «Рахман» көлі, Алтай тау-шаңғы кластері, Риддер қаласы және Бұқтырма су қоймасын туристік картаға енгізілді. Бұл объектілердің нақты бағдарламалық құжаттары әзірленетін болады. Бағдарлама аясында аталған аудандарда туризм объектілерін салуға, көлік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға арналған арнайы инвестицияларды тарту көздері жоспарланып отыр.

Бұлардың барлығы Шығыс Қазақстанымыз санаторлы-курорттық туризм орталығына айналуына әбден лайық екенін дәлелдеп тұр. Бірақ аталып жатқан өңірдің туризмін дамыту, бірқатар мәселелердің шешілуін талап етеді.

Емдік-сауықтыру туризмінің дамуын тежейтін мәселелеріне келетін болсақ:

- экологияның бұзылуы;
- табиғи ландшафттардың эрозияға ұшырауы;
- минералды-бальнеологиялық ресурстардың ретсіз қолданылуы;
- материалды-техникалық базаның тозуы;
- қызмет көрсету сапасының төмен болуы;
- табиғи емдік ресурстарды орынды пайдалану мен соңғы шыққан технологиялық жабдықтармен қолдануда ғылыми-зерттеу жұмыстарының аз болуы;
- санаторлы-курортты кешеніне арнайы мамандарды даярлау және квалификациядан өткізу жүйесінің жоқ болуы;
- санаторлы-курортты кешендерде көрсетілетін қызметтердің бағасын есептеуде бірыңғай жүйенің болмауы және т.б. жатады (Tutberidze 2021:1).

Ал курорттық аймаққа айналу үшін белгілі бір параметрлерге ие объектілердің болуын талап етілетіні анық. Мысалы:

- Медициналық зерттеу орталықтары, институт/курорттық клиника;
- емдеу-сауықтыру орталықтары;

- Әлемдік деңгейдегі Spa, отель, қонақ үйлердің болуы;

- оңалту орталықтары;
- Мамандандырылған тамақтандыру кәсіпорындары (фито-кафе) және т.б. болуы (Sobolev, Kuznetsov, Shakula, Likhatskii 2021: 178-179).

Жоғарыда аталған мәселелерді шешуде Шығыс Қазақстан аймақтарында емдік-сауықтыру туризмін оның ішінде санаторий-курорттық орталықтарын дамыту, оларды шетел туристерін қабылдайтын деңгейге жеткізу үшін қазірден бастап қолға алыну керек қажетті шаралардың басым бағыттары:

- табиғи-ресурстық кешеннің бірегейлігін сақтау;
- табиғи және шаруашылық кешендерді құқықтық бақылау жүйесін реттеу;
- табиғи рекреациялық ресурстарды қорғау, оларды тиімді пайдалану және қоршаған ортаның экологиясын жақсарту (өндіріс және тұрмыс қалдықтары қатаң бақылауға алу, емдік минералды ресурстарды тиімді пайдалану, атмосфералық ауаны ластаудың алдын алу, су нысандарын қорғап, ластауға жол бермеу, жергілікті орман шаруашылығына қолдау көрсету);
- бірыңғай экологиялық мониторинг жүргізу;
- курортология саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беру, санаторлы-курортты кешеннің материалды-техникалық базасын жаңарту;
- ірі немесе шағын жеке кәсіпкерлерді курорттық қызмет көрсету түрлері (сауда, қоғамдық тамақтандыру орындарын, тұрғын үйді жалғаалу, құрал-жабдықтарды жалға беру, курорттық қызметтер және тұрмыстық қызмет көрсетудің басқа да нысандары) бойынша тіркеуді енгізу.
- курорттық бизнеспен айналысатын қызметкерлердің квалификациясын жоғарылату, курорттық демалысты ұйымдастыратын туристік фирмалар мен санаторийлерді ауқымды аттестаттаудан өткізу.
- курорттық мекемелерде көрсетілетін қызметтерге шетелдік тәжірибені қолдану;
- қызмет көрсету саласын кеңейту мен қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету.
- электр, жылумен және сумен жабдықтау құрылғылар жүйелерін жақсарту.
- адамдардың демалуы мен емделуі үшін табиғи-климаттық және бальнеологиялық факторлардың тиімді пайдаланылуының жүзеге

асыруына бақылау жүргізу т.б (Islamovna 2021:408-421).

Осы кезеңде мемлекет емдеу-сауықтыру туризмін экономикалық саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, ол туризмнің тұрақты жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға, стратегиялық бағыттарды ынталандыруға және қолдауға, туристік аумақтың тартымдылығы тұрғысынан оң имиджін қалыптастыруға жәрдемдесуге, Отандық туристік өнімдерін халықаралық деңгейде ілгерілетуді қамтамасыз етуге мүдделі болуы керек.

Қорытынды

Шығыс Қазақстан облысы – мықты туристік потенциалы бар ерекше табиғат әлеміне ие ірі өндірістік, энергетикалық, көліктік және мәдени аймақ. Соның ішінде марал пантасымен емдеу Шығыс Қазақстанның санаторлы-курорттық аймағының брендін десек қателеспейміз. Керемет табиғат, ерекше ландшафт, шипалы бұлақтар, сондай-ақ марал шипажайлары Республика қонақтары мен жақын шетелдің туристерін жыл сайын тартуда. Ежелден бері өңірдің жергілікті тұрғындары жас мүйіздің қанын өздерінің күш-қуатын көбейтуге, өмір жасын ұзартуға арналған дәрі негізінде қолданғаны белгілі. Тек Алтайда ғана мекендейтін киелі жануардың адам денсаулығына тигізетін орасан зор пайдасы арқылы бұл өңірді әлем туристерін қабылдайтын нағыз санаторлы-курорттық орталыққа айналдыруға барлық жағдай бар екені анық. Сондай-ақ ғалымдардың да біраз зерттеу жұмыстарының арқасында маралмен емдеу орталықтарын ашу қажеттілігі, пантасынан дайындалатын өнімдеріне сұраныс туындауынан Қазақстанда бұл саланы дер кезінде қолға алынуы керек екенін аңғарып отырмыз.

Марал өсіру өндірісі ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады және Айта кету керек, Алтай Республикасы мен Алтай Өлкесінің үкіметі марал өсіру мен шикізат өндірісін дамытудың мақсатты бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асырады. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, аймақтағы марал өндірісінің экспорттың дамытуға көп көңіл бөлуі керек. Алтай Өлкесі денсаулық сақтау саласында халықаралық қатынастар орнату, мүйіз өнімдері негізінде дәрі-дәрмек өндіруге бағытталған инновациялық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру бойынша ең дамыған аймақтардың бірі болып табылады.

Туризмнің әлемдік экономикаға әсерін байқасақ, туризм жергілікті инфрақұрылымды дамытуға, қосымша жұмыс орындарын құруға, қызмет көрсету салаларына ынталандырушы әсер етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи тұрғыдан туризм нарықтың өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімделеді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, Шығыс Қазақстан облысының емдік-сауықтыру туризмі өз позициясын нығайтуға тиіс. Ол үшін мемлекет тарапынан қолдау болуы міндетті. Яғни жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру мен жаңа аймақтарды игеру, ұлттық экономиканың дамуын жеделдету, ұлттық табысты мемлекет мүддесіне сай қайта бөлу, ұлттық табысты ұлғайту, жергілікті инфрақұрылымның дамуы мен халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруы, инвестициялардың тез арада өтелуі, мәдени мұра мен қоршаған ортаны қорғау секілді мәселелер бір ғана туризм арқылы-ақ тиімді әрі оңтайлы түрде өз шешімін таба алады. Өйткені туризм халық шаруашылығының барлық дерлік салалары мен адам қызметінің сан-алуан түрлерімен бірлесе, үйлесімді дами алады.

Әдебиеттер

- Apatova N.V., Bakumenko M.A., Titarenko D.V. (2020). Functioning of the sanatorium-resort complex of the Republic of Crimea during the COVID-19 pandemic // *Uchenye zapiski Krymskogo federalnogo universiteta imeni V. I. Vernadskogo. Ekonomika i upravlenie.* V 6. No. 2. 3-13
- Bond, J. (2022). Complexities of deer management, recreation and hunting tourism in North-east Victoria, Australia. In *Tourism, Recreation and Biological Invasions* (pp. 150-157). GB: CABI.
- Candaele, R., Lejeune, P., Licoppe, A., Malengreaux, C., Brostaux, Y., Morelle, K., & Latte, N. (2021). Mitigation of bark stripping on spruce: the need for red deer population control. *European Journal of Forest Research*, 140, 227-240.
- Dalisova, N. A., Rozhkova, A. V., & Stepanova, E. V. (2019, August). Russian export of products of maral breeding and velvet antler industry. In *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science* (Vol. 315, No. 2, p. 022078). IOP Publishing.
- Hanberry, B. B., & Hanberry, P. (2020). Regaining the history of deer populations and densities in the southeastern United States. *Wildlife Society Bulletin*, 44(3), 512-518.

Islamovna, U. Z. (2021). Prospects for the development of the tourist and recreation complex as an effective lever for the restoration of the tourist industry in Uzbekistan after the pandemic. *Academician globe*, 2(05), 408-421.

MacKay, K.J. and Michael Campbell, J. (2004) An examination of residents' support for hunting as a tourism product. *Tourism Management* 25(4), 443-452. DOI: 10.1016/S0261-5177(03)00127-4.

Orassay, A., Sadvokassova, D., Berdigaliyev, A., Sagintayev, A., Myrzagali, S., Omarova, Z., ... & Xie, Y. (2023). Deer antler extract: Pharmacology, rehabilitation and sports medicine applications. *Pharmacological Research-Modern Chinese Medicine*, 100316.

P. Zhang, Z. Guo, L. Ma, G. Wang, Y. Zhao, Investigation of anti-fatigue effect and simultaneous determination of eight nucleosides in different parts of velvet antler in red deer and Sika deer, *Chem.Biodivers* 17 (2) (2020), e1900512, <https://doi.org/10.1002/cbdv.201900512>. Feb Epub 2020 Jan 29.

Shakula, A. V., Nesina, I. A., Pavlov, A. I., Kurniavkina, E. A., Chursina, V. S., & Telepanova, I. V. (2022). Pantohepatogen Efficacy Evaluation in Complex Sanatorium Rehabilitation of Patients with post-COVID-19 Syndrome: an Open Randomized Cohort Study. *Vestnik Vosstanovitel'noj Mediciny*, 41-50. A., Pavlov, A. I., Kurniavkina, E. A., Chursina, V. S., & Telepanova, I. V. (2022)

Sobolev A.V., Kuznetsov V.M., Shakula A.V., Likhatskii E.U. Experience of using antler baths in sanatorium treatment programmes for patients with coronary heart disease and post-occlusive syndrome at the Zvenigorod Military Sanatorium. *Voprosy kurortologii, fizioterapii, i lechebnoi fizicheskoi kultury*. 2021; 98(3-2): 178-179 (In Russ.)

Stepanova, E., Rozkova, A., Yushkova, L., & Balisheva, M. (2023). Development of rural tourism in the regions of Russia as a factor of sustainable development of rural areas. In *E3S Web of Conferences* (Vol. 376, p. 02030). EDP Sciences.

Tutberidze, M. (2021). The georgian resorts as a basis for wellness tourism development. *Georgian Geographical Journal*, 1(1).

W.J. Cheng, H.T. Yang, C.C. Chiang, K.H. Lai, Y.L. Chen, H.L. Shih, J.J. Kuo, T.L. Hwang, C.C. Lin, Deer velvet antler extracts exert anti-inflammatory and antiarthritic effects on human rheumatoid arthritis fibroblast-like synoviocytes and distinct mouse arthritis, *Am. J. Chin. Med.* 50 (6) (2022) 1617–1643, <https://doi.org/10.1142/S0192415X22500689>. Epub 2022 Jul 18.

Аманжолов Т.К., Самойлов Ю.Е. Энциклопедия Восточно-Казахстанской области. – Усть-Каменогорск, 2016.

Ветитнев А.М., Дзюбина А.В., Торгашева А.А. Лечебно-оздоровительный туризм: вопросы терминологии и типологии // *Вестник СГУТиКД*, 2012. – No 2 (20). С. 50-54.

Егер В.Н., Деев Н.Г. Пантовое оленеводство. – М.: Колос, 1994. – 126 с.

Егорина А. В., Логиновская А. Н. Географические аспекты развития рекреации и туризма в Восточном Казахстане. Опыт и практика: монография. Усть-Каменогорск: Полиграф, 2016.

Көшербаев Б. Шығыс аймақта марал шаруашылығы қолға алында. <https://qazaqstan.tv/news/74402/> (қол жеткізу режимі 01.03.2023).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360#z12> (қол жеткізу режимі 01.03.2023).

Орлова В.С., Щербакова А.А. (2014) Перспективы развития лечебно-оздоровительного туризма в регионе // *Проблемалық развития теориясы*. N 4 (72), 34-47 б.

Развитие массового спорта, внутреннего туризма и план мероприятий на празднование 30-летия Независимости Казахстана — А. Раймкулова о работе Министерства культуры и спорта РК <https://primeminister.kz/ru/news/razvitie-massovogo-sporta-vnutrennego-turizma-i-plan-meropriyatij-na-prazdnovanie-30-letiya-nezavisimosti-kazahstana-a-raimkulova-o-rabote-ministerstva-kultury-i-sporta-rk-1444247> (қол жеткізу режимі 20.06.2023).

Тарасова, Ю. (2015) Стратегические развитие мараловодства в региональном АПК (на материалах Алтайского края и Республики Алтай) [Текст]: дис.: 08.00.05 / Тарасова Александра Юрьевна. Барнаул, стр. 158.

Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ресми сайты. <https://stat.gov.kz/region/264990?Lang=ru> (қол жеткізу режимі 01.03.2023).

Шаглаева, З. С. (2022). Перспективы разведения маралов в Тункинском районе республики Бурятия. (р. 126).

References

Amanzholov T.K., Samojlov Ju.E. (2016) Jenciklopedija Vostochno-Kazahstanskoj oblasti [encyclopedia of the east Kazakhstan region.]. Ust'-Kamenogorsk, pp. 45-47.

Apatova N.V., Bakumenko M.A., Titarenko D.V. (2020). Functioning of the sanatoriumresort complex of the Republic of Crimea during the COVID-19 pandemic // *Uchenye zapiski Krymskogo federalnogo universiteta imeni V. I. Vernadskogo. Ekonomika i upravlenie.* V 6. No. 2. 3-13

Bond, J. (2022). Complexities of deer management, recreation and hunting tourism in North-east Victoria, Australia. In *Tourism, Recreation and Biological Invasions* (pp. 150-157). GB: CABI.

Candaele, R., Lejeune, P., Licoppe, A., Malengreaux, C., Brostaux, Y., Morelle, K., & Latte, N. (2021). Mitigation of bark stripping on spruce: the need for red deer population control. *European Journal of Forest Research*, 140, 227-240.

Dalisova, N. A., Rozhkova, A. V., & Stepanova, E. V. (2019, August). Russian export of products of maral breeding and velvet antler industry. In *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science* (Vol. 315, No. 2, p. 022078). IOP Publishing.

Егер В.Н., Деев Н.Г. (1994) Пантовое оленеводство. М.: Колос, pp. 126.

Егорина А.В., Логиновская А.Н. (2016) Географические аспекты развития рекреации и туризма в Восточном Казахстане. Опыт и практика: монография. Усть-Каменогорск: полиграф, pp. 26-28.

Hanberry, B. B., & Hanberry, P. (2020). Regaining the history of deer populations and densities in the southeastern United States. *Wildlife Society Bulletin*, 44(3), 512-518.

Islamovna, U. Z. (2021). Prospects for the development of the tourist and recreation complex as an effective lever for the restoration of the tourist industry in Uzbekistan after the pandemic. *Academician globe*, 2(05), 408-421.

Kazakhstan Respublikasy Ukimetin 2019 zhylygy 31 mamyrdayy № 360 kaulysy. Kazakhstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2019 – 2025 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360#z12> (accessed 01.03.2023).

Kosherbaev B. Shygys ajmakta maral sharuashylygy kolga alynuda. <https://qazaqstan.tv/news/74402/> (accessed 01.03.2023r).

MacKay, K.J. and Michael Campbell, J. (2004) An examination of residents' support for hunting as a tourism product. *Tourism Management* 25(4), 443-452 . DOI: 10.1016/S0261-5177(03)00127-4.

Official site of Bureau of national statistics agency for strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan <https://stat.gov.kz/region/264990?lang=ru> (accessed 01.03.2023).

Orassay, A., Sadvokassova, D., Berdigaliyev, A., Sagintayev, A., Myrzagali, S., Omarova, Z., ... & Xie, Y. (2023). Deer antler extract: Pharmacology, rehabilitation and sports medicine applications. *Pharmacological Research-Modern Chinese Medicine*, 100316.

Orlova V.S., Sherbakova A.A. (2014) Perspektivy razvitiya lechebno-ozdorovitel'nogo turizma v regione // Problemy razvitiya teorii. N 4 (72), pp. 34-47.

P. Zhang, Z. Guo, L. Ma, G. Wang, Y. Zhao, Investigation of anti-fatigue effect and simultaneous determination of eight nucleosides in different parts of velvet antler in red deer and Sika deer, *Chem.Biodivers* 17 (2) (2020), e1900512, <https://doi.org/10.1002/cbdv.201900512>. Feb Epub 2020 Jan 29.

Razvitie massovogo sporta, vnutrennego turizma i plan meropriyatij na prazdnovanie 30-letiya Nezavisimosti Kazahstana — A. Raimkulova o rabote Ministerstva kul'tury i sporta RK. <https://primeminister.kz/ru/news/razvitie-massovogo-sporta-vnutrennego-turizma-i-plan-meropriyatij-na-prazdnovanie-30-letiya-nezavisimosti-kazahstana-a-raimkulova-o-rabote-ministerstva-kul'tury-i-sporta-rk-1444247> (accessed 20.06.2023).

Shaglaeva, Z. S. (2022). PERSPEKTIVY RAZVEDENIJA MARALOV V TUNKINSKOM RAJONE RESPUBLIKI BURJATIJA. In *Pechataetsja po resheniju organizacionnogo komiteta konferencii* (p. 126).

Shakula, A. V., Nesina, I. A., Pavlov, A. I., Kurniavkina, E. A., Chursina, V. S., & Telepanova, I. V. (2022). Pantohepatogen Efficacy Evaluation in Complex Sanatorium Rehabilitation of Patients with post-COVID-19 Syndrome: an Open Randomized Cohort Study. *Vestnik Vosstanovitel'noj Mediciny*, 41-50. A., Pavlov, A. I., Kurniavkina, E. A., Chursina, V. S., & Telepanova, I. V. (2022)

Sobolev A.V., Kuznetsov V.M., Shakula A.V., Likhatskii E.U. Experience of using antler baths in sanatorium treatment programmes for patients with coronary heart disease and post-occlusive syndrome at the Zvenigorod Military Sanatorium. *Voprosy kurortologii, fizioterapii, i lechebnoi fizicheskoi kul'tury*. 2021; 98(3-2): 178-179 (In Russ.)

Stepanova, E., Rozkova, A., Yushkova, L., & Balisheva, M. (2023). Development of rural tourism in the regions of Russia as a factor of sustainable development of rural areas. In *E3S Web of Conferences* (Vol. 376, p. 02030). EDP Sciences.

Tarasovaa. Ju. (2015) Strategicheskie razvitie maralovodstva v regional'nom APK (na materialah Altajskogo kraja i Respubliki Altaj) [Tekst]: dis.: 08.00.05 / Tarasova Aleksandra Jur'evna. Barnaul, pp. 158.

Tutberidze, M. (2021). The georgian resorts as a basis for wellness tourism development. *Georgian Geographical Journal*, 1(1).

Vetineev A.M., Dzjubinaa.V., Torgasheva A.A. (2012) Lechebno-ozdorovitel'nyj turizm: voprosy terminologii i tipologii [Healthand wellness tourism: issues of terminologyand typology] *Vestnik SGTiKD [Sochi Journal of economy]*. vol. 20, no 2,pp. 50-54.

W.J. Cheng, H.T. Yang, C.C. Chiang, K.H. Lai, Y.L. Chen, H.L. Shih, J.J. Kuo, T.L. Hwang, C.C. Lin, Deer velvet antler extracts exert anti-inflammatory and antiarthritic effects on human rheumatoid arthritis fibroblast-like synoviocytes and distinct mouse arthritis, *Am. J. Chin. Med.* 50 (6) (2022) 1617–1643, <https://doi.org/10.1142/S0192415X22500689>. Epub 2022 Jul 18.

Авторлар туралы мәлімет:

Төкенова Жанерке Жеңісбекқызы (корреспонденттік автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының докторанты (Алматы қ., Қазақстан e-mail: aboska2016@gmail.com)

Бекен Ақбота Нартайқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Жаратылыстану және география Институты, география және экология кафедрасының оқытушы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: bota.beken@gmail.com)

Надыров Шерипжан Марупович – география ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: scharipjan@mail.ru)

Information about authors:

Tokenova Zhanerke (correspondent author) – PhD student of the Department of Geography, Land Management and Cadastre of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan e-mail: aboska2016@gmail.com)

Beken Akbota Nartaykyzy – Lecturer of the Department of Geography and Ecology of the Institute of Natural Sciences and Geography of Abay Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bota.beken@gmail.com)

Nadyrov Sheripzhan – Doctor of Geographical Sciences, Professor of the Department of Geography, Land Management and Cadastre of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: scharipjan@mail.ru)

Алғаш жіберілді: 17 қаңтар 2023 жыл

Өңделіп, қайта тіркелді: 15 қаңтар 2024 жыл

Қабылданды: 16 ақпан 2024 жыл